

ИСЛАМИ ЭТИКАНЫҢ ҚҰРАН МЕН СҮННЕТКЕ НЕГІЗДЕЛУІ

*Ғылыми жетекшісі: философ . г.к доцент Ахмедов Қыдыр
Дінтану бөлімінің 2 курс магистры Аққожа Елдос Ерболұлы*

*Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, магистрант
Алматы, Қазақстан Республикасы*

***Abstract.** Islamic moral ethics are based on the Quran and the Sunnah in education to the public in accordance with the purposes and interests of moral integrity. The moral traditions of our ancestors, which were inherited from one generation to the educational experience, we take from the Qur'an and Sunnah. Moral education is the main source of the Qur'an and Sunnah. We can say that the Koran and the Sunna are source of human moral and ethical values.*

Ұлы және Құдірет Иесі болған Аллаһты ғана Жаратушым деп танып, Аллаһ бұйырған құлшылықтарды іске асырудан кейінгі мұсылманның сипаты – көркем мінезді болуы. «Көркем мінез» атауы өте кең ұғым [1, 189 б.]. Ислам этикасы алдымен Құраннан кейін хадис немесе сүннеттен алынады.

Ұлы Аллаһ мұсылмандарды өзара бауыр деген Құранда. Ендеше адамдардың бір-бірімен бауыр болуы, туыс болуы тек Ұлы Аллаһ тарапынан және Ислам этикасының бірі деуге келеді.

Аллаһ сол сезімді мұсылмандардың жүрегіне бекітіп қойды. Олар әр түрлі ұлт, ру және әр жерде болуы мүмкін. Бірақ, табынатын Раббысы – бір, Пайғамбары – біреу, құбыласы – біреу, Құран – біреу. Пайғамбар(с.а.с.): «Мұсылмандар бір дене сияқты. Егер де бір мүше ауыратын болса бүкіл дене де сол жерді сезініп, бүкіл дене бірге ауырады. Мұсылман да сол сияқты» – деген. [2, 89 б.]. Осы мәселелердің төңірегінде олар бауыр болады. Құран аяттары және Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистері мұсылмандарды бір-біріне бауыр болуға, тату болуға, ынтымаққа шақырады. Ендеше сол бауырмашылық, татулық және ынтымақ өзара пайдалы болуда, бір-бірінің қызметінде болуда, бір-біріне көмектесу арқылы қуантуда көрінуі керек.

Ұлы Аллаһ құзырында мұсылманға жасалатын ең құнды нәрсе – жақсылық жасап өзгелерге пайда тигізу арқылы қуанту.

Бұл сипат жөнінде Құранда мынандай оқиға баяндалған: Мәян суына барған кезде, ол жерде мал суарған бір топ адам көреді. Тағы олардан өзге малдарын судан қайырып тұрған екі әйел көрді де: “Екеуінің бұйымтайларың не?”, - деді. Екеуі: “Малшылар малдарын алып кеткенге дейін суара алмаймыз. Әкеміз кәрі шал” деді. (Бұлар Шұғайыптың қыздары еді) Мұса олардың малдарын суарды да сосын көлеңкеге бұрылып: “Раббым! Сен маған хайырдан не жіберсең мұқтажбын” деді [3, 145 б.].

Кейін Шұғайыптың бір қызы ұялған түрде келіп, көмектескені үшін сый беруге әкесі шақырып жатқанын айтады. Сосын Мұса онда жұмыс істеуге қалады. Мұса өз қайғысына қарамай, ыңғайлы уақытты пайдаланып өзгелерге көмектесті. Яғни, шамасы келгенше пайдалы болуға тырысты. Нәтижесінде бұл ісі тағдырын өзгертті. Мұса өзіне пана, жұмыс және жар тапты. Кейін күшін жиған соң қайтадан Ферғауынға барды. Бұл сипат жөнінде Хадис шәрифтерде былай делінеді: «Парыз амалдардан кейінгі ең құнды амал – бір мұсылманды қуанту». Бұл оқиғадан біз бұрынғы пайғамбарлардың әдебін көре аламыз.

«Аллаһ құзырындағы ең құнды амал – мұсылманның қарызын төлеу немесе қиыншылығына көмектесу арқылы оны қуанту».

«Ең құнды амал – бір мұсылманның кемшілігін жасыру, қарнын тойдыру немесе бір мұқтаждығына көмектесу арқылы оны қуанту».

«Бір мұсылманды қуантқан адам мені қуантқан болады. Мені қуантқан адам Аллаһ құзырында бір уәде алған болады. Аллаһтан уәде алған адамға от ешқашан тиіспейді».

«Діндес бауырын қуантудай құнды нәрсе жоқ».

«Бір мұсылманның қиыншылығына көмектесіп, оны қуантқан адамды Аллаһ қияметте ең қиын сәттерде қиыншылықтардан құтқарады».

«Мұсылман мұсылманның бауыры, оны ренжітпейді, оны қиыншылықта қалдырмайды. Бауырының қиыншылығын кетірген адамның қияметте Аллаһ қиыншылығын кетіреді».

«Барлық нәрсенің кілті бар. Жаннаттың кілті – кедейлерді жақсы көру». «Бір адам мұсылман бауырын қуантқан кезде бір періште бұл адамға әр

уақыт дұға етеді. Ол адам өліп, қабірге қойылған кезде періште қасына келіп: “Мені танысың ба?” дейді. Мәйіт: “Жоқ” дегенінде, періште: “Мен сенің бір мұсылманға берген қуанышыңмын. Бүгін сені қуанту үшін келдім. Қабірде қасыңда боламын, қияметте де саған шапағат етіп, жаннаттағы мақамыңды көрсетемін” дейді».

Сахабалар заманында бір яһуди адам бір құдықтың иесі еді. Ол суды мұсылмандарға қымбат бағаға сатты. Мұсылмандардың жағдайы нашар болғандықтан қатты қиналды. Бұл жағдайды көрген Осман яһудиға құдығын сатуға ұсыныс жасайды. Яһуди келіспейді. Әйтеуір, Осман көп ақша беріп кезекпен пайдалануға қол жеткізеді. Яһуди адам, әдетінше, өз кезегінде суды қымбат бағаға сатты. Ал, Османның кезегі күні барлық мұсылмандарға тегін су таратылды. Соңында саудасы жүрмеген яһуди құдықты толығымен сатуға мәжбүр болады. Осылайша, Пайғамбардың (с.а.у.) тәрбиесін көрген ардақты сахаба өзгелерге пайдалы амал жасады [4, 85 б.].

Мұсылманшылықтың ардақты сипаты болған бұл мінез жайлы Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің бір өсиетінде былай деген: «Құрма ағашына тас лақтырсаң, ол саған құрмасын лақтырады. Сен де сондай бол».

Ислам іліміне терең үңілген сайын түпсіз тұңғиығына тоймай сүңги бересіз. Тек жалықпай, ерінбей сабырмен, ықылас білдірсеңіз жүрегіңізде Аллаһқа деген үлкен махаббат оянғанын сезбей қаласыз.

Ассаләму алейкум – «сізге Аллаһтан есендік, амандық пен тыныштық болсын» деген мағынаны білдіреді. Уа ғалейкум ассаләм – «сізге де Аллаһтан амандық, есендік пен жақсылық тілеймін» деген сөз. Негізінде бұлай амандасуды «Ибраһим» сүресінде Аллаһ тағала мұсылмандарға дәстүр болады деген. Ал сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінде сәлемдесу мәселесіне егжей-тегжей көңіл бөлген. Сәлем беру мұсылман адамның еңбасты әдебі.

Сіз жұтқан ауа мен есепсіз ризық-несібенің Иесі болған Аллаһ Құранда былай дейді: «Сондай иман келтіріп ізгі іс істегендер. Раббыларыңның рұқсатымен ішінде мәңгі қалатын астынан өзендер ағатын жәннаттарға кіргізіледі. Олардың жаннаттағы амандасулары – «сәлем» болады».

Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) бір адам келіп: «Иә, Расул Аллаһ (с.ғ.с.)! Исламдағы ең жақсы амал қандай?» – деп сұрағанда. Расул Аллаһ (с.ғ.с.): «Мұқтажды тамақтандыруың және танысаң да, танымасаң да кездескенмен сәлемдесуің», – деп жауап берген (имам Бухари, имам Муслим).

Дәлірек айтқанда, әрбір мұсылман, бір-бірінен ажырап қалып, қайта ұшырасып жатса да, белгілі-бір уақыттан кейін: «Ассаләму ғалейкум», – деп қайта сәлемдесуі сүннет. Міне, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әрбір хадисі жақсылық пен әдептілікке тұнып тұр, мейірімділік пен хикметке толы. Мұсылман қауымының бір-біріне сүйіспеншілігін, сыйластығын, достығын күшейтеді.

Үлкеннің кішіге сәлем беруі: Анас ибн Малик көшеден өтіп бара жатып сәби балаларға сәлем берді де: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кішкене балалардың жанынан өтіп бара жатып сәлем берер еді», – деп айтқан.

Қарап отырсақ, мұның да астарында адамгершілік идеясы бар деуге болады. Себебі, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осылайша балаларды әдептілікке, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге сәби күнінен баулу керектігін меңзеген. Балалар ересектердің бұлайша өздеріне көңіл бөліп, иіліп сәлем бергенінен кейін, өздерінің ерекше орыны бар екенін сезініп, қуанып саналарында қалып қояды, өмірлік сабақ болады.

Кішінің үлкенге сәлем беруі.

Жасы кіші үлкен кісілерді көргенде қайырылып келіп қос-қолдап сәлем беруі тиіс. Бұл әдеп – кіші буынның отбасынан алған тәрбиелілігін, әдепті көргенділігін көрсетеді. Әбу Һурайрадан (р.а.) Аллаһ елшісінің (с.ғ.с.): «Көліктегі адам жаяуға, жаяу адам отырғанға және аз адам көпшілікке сәлем береді», – дегені жайында риуаят жеткізілген.

Имам Бухари риуаятында: «Жасы кіші жасы үлкенге (сәлем береді)», – делінген. Сүннет бойынша: Кіші үлкенге, көпшілік отырғандарға, көліктегі кісі жаяуға көлігінен түсіп сәлем беруі қажет.

«Үлкенге құрмет, кішіге ізет, рахым жасамағандар бізден емес», – деген Пайғамбарымыз (с.ғ.с.).

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мына хадисінде: «Толық иман келтірмейінше жәннатқа кіре алмайсыңдар. Араларыңда сүйіспеншілік орнықпайынша толық иман келтірген болмайсыңдар. Араларыңда сүйіспеншіліктің орнығуына себеп болатын нәрсені айтайын ба? Өзара сәлемдесіндер», – деген [5, 72 б.].

Қонаққа бару және оның маңыздылығы.

Мұсылмандардың бір-біріне қонаққа барып, қуанғанда қуанышына, жетістік пен табысына ортақтасып, ал қайғысы болса оны бөлісіп, басына түскен ауыртпашылығын бірге көтерісу – олардың ауызбіршілігін нығайтып, сүйіспеншілігін арттырады. Ислам діні сондықтан мұсылмандарды қонаққа баруға барынша үгіттеген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кім ауырған кісіге барса және Аллаһ жолындағы бауырын зиярат етсе, аспаннан бір «Шақырушы» (періште дауыс шығарады): «Сен бір жақсы амал жасадың. Сенің бұл қадамдарыңа нұр жаусын және жәннаттан бір орын даярлап алдың», – дейді», – деген.

Өткен заманда бір мұсылман кісі Аллаһ жолындағы бауырының хал-жағдайын білу үшін сапарға шығады. Ол жолда адам кейпіндегі періштені көреді. Ол одан: «Қайда барасың?» – деп сұрайды. Әлгі кісі: «Аллаһтың разылығы үшін дін жолындағы бауырымды зиярат етуге (хал-жағдайын білуге) барамын», – дейді.

Періште: «Сенің ол бауырыңда бір шаруаң бар ма?» – деп сұрайды. Әлгі кісі: «Жоқ, мен тек Аллаһ жолында ол бауырымды жақсы көргендіктен, оның хал-жайын сұрап келуге жолға шықтым», – деп жауап береді. Сонда періште: «Мен, Аллаһтың саған жіберген елшісімін. Сен бұл кісіні жақсы көргендей, Аллаһ та сені жақсы көреді», – деп айтқан деген қисса бар [4, 63 б.] «Пайғамбар (с.ғ.с.) бізге жеті нәрсені бұйырды. Олар: ауруға барып жағдайын сұрау, жаназаға қатысу, түшкіргенде Аллаһ тағаланың рахметін тілеу, әлсізді қорғау, мазлумға (зұлымдыққа ұшыраған адамға) болысу, кездескенмен сәлемдесу және уәде бергеннің уәдесін орындауға көмектесу» [6, 89 б.]. «Қайсыбір мұсылман ауырып жатқан мұсылман бауырының хал-жағдайын сұрап барса, жетпіс мың періште күн батқанға дейін оған Аллаһ тағаланың игілігін тілейді. Егер күн батқаннан кейін жағдайын сұраса, жетпіс мың періште таң атқанға дейін оған Аллаһ тағаланың игілігін тілейді» [7, 23 б.].

Қонаққа бару әдептері: Әсем киіну.

Сіз туысыңызға, құрбыңызға, досыңызға болсын қонаққа барардан алдын әдемі таза киімдер киіп, әсемденіп баруыңыз керек. Ал, қонақты күтіп отырған үй иесі де үстіне алқам-салқам киінбей, келген қонаққа жылы шырай қуанышта екенін сыртқы көрінісі арқылы көрсетіп, әдемі киініп жүруі тиіс. Әсіресе, отбасының берекесін, жылы қабағын, шаңырақ астындағы жанға жайлы ауа райын қалыптастыратын – әйел-ана.

Пайғамбардың (с.ғ.с.) әдемі киімі бар еді, оны тек қонаққа барғанда немесе қонақтар келгенде киетін.

Әдемі киіну дегенде міндетті түрде әр қонаққа барған сайын тек жана, қымбат киім кию шарт емес, бұл жерде мақсат – екі жақтың да әдемі болуы бір-біріне құрметін, сыйластығын білдіреді.

Кіруге рұқсат сұрау:

Қонаққа барған үйге баса-көктеп кіріп бармай, тіпті табалдырықтан аттап баспай тұрып алдымен кіруге рұқсат сұрау қажет. Бұл – сүннет. Құранда Аллаһ тағала қонаққа бару хақында:

«Ей, мүміндер! Өз үйлеріңнен басқа үйге рұқсат алмайынша, әрі үй иесіне сәлем бермейінше кірмеңдер. Бұл сендер үшін қайырлы. Әрине, түсінерсіңдер. Егер үйде ешкім таппасаңдар, өздеріңе рұқсат бермейінше кірмеңдер. Егер сендерге: «Қайтыңдар!» делінсе, онда қайтыңдар, бұл сендер үшін жақсырақ. Аллаһ не істегендеріңді жақсы біледі».

«Аллаһтың елшісі (с.ғ.с.): «Рұқсат сұрау үш рет: егер (кіруге) рұқсат берсе, онда кіресің. Егер рұқсат бермесе, онда кері қайтасың» – деді», – деп хадисті Әбу Мұса әл-Ашғари (р.а.) риуаят етеді [6, 19 б.].

Басқаша айтқанда, сіз қонаққа барған үйдің есігін үш мәрте қағып немесе қоңырау шалу керек. Міндетті түрде кіруге рұқсат берілгеннен кейін ғана кіре беруіңізге болады. Себебі, қандай орынға болсын тек рұқсатпен кіру, біріншіден, Аллаһтың бұйрығы, екіншіден, Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүннеті, үшіншіден рұқсатсыз есігін айқара ашып кіріп, баруыңызды үй иесі үзірлі себептерге байланысты қаламауы мүмкін. Бастысы, барған жеріміздің иелерін қысылатындай шарасыз хәлге түсіріп қоймауымыз шарт.

Алдын-ала ескерту:

Туысыңыздың үйіне, досыңыздың қызмет орнына немесе басқа да мекенге қонаққа баруға жиналсаңыз, алдымен, баратыныңызды алдын-ала телефон арқылы болса да ескертіп, ертерек хабардар етіп бару да мұсылманның үлкен этикалық сипатына жатады.

Ислам дінінің қайнар бастауы – Құран мен хадис адамзаттың салауатты, мәдениетті, өркениетті қоғамда өмір сүруін жан-жақты қамтыған. Сол үшін бақытты өмір кілтін қиялдан іздеудің қажеті жоқ.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Islom ensiklopediasi. – Toshkent: O'zbekiston milliy ensiklopediyasi Davlat ilmiy nashriyoti, 2004. – 357 s.
2. Sahihi Buhari Muhtasar Tecrid-i sarih tercumesi. 1 cilt. –Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı, 1999. – 567 s.
3. Muhammed Ebu Zehra. Mezhepler tarihi. –İstanbul: Şura yayınevi, 2001.– 680 s.
4. Islam Ansiklopedisi. – Ankara: Altınöğlük matbaası, 2002. – 529 s.
5. Сахих Хадистер. Аударған: АбдуссамадМахат, ЖалғасСандыбаев. – Алматы: Атамұра корпорациясы, 2001. – 200 б.
6. Имам Бұхари. Сахих әл-Бұхари. Аударған: Ү.Шойбек, Қ.Қыдырханұлы. – Алматы: Кәусар–саяхат, 2007. – 927 б.
7. Әбу Дәуіт Сүлеймен ибн әл-Әшғас әс-Сижистани. Әс-Сүнән. – Каир: Дәру әл-хадис, – 927 б.